

«Бекітемін»

мектеп директоры:

_____ Е.Е.Кадыров

« _____ » _____ ж.

№ _____ жалпы орта білім беретін мектебі

**2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Мазмұны

1	Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық құжаттары
2	Мақсаты және міндеттері
3	Күтілетін нәтижелер
4	Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1.	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2.	Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3.	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 26 желтоқсан 2011 жыл №518- IV Кодексі.
4.	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы /3453аңы;
5.	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6.	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169- VI Заңы;
7.	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №3193аңы;
8.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

ТҮСІНІК ХАТ

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуір № 145 бұйрығымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспарын;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

- 2021-2022 жылдарға арналған әдістемелік нұсқаухатын басшылыққа ала отырып құрылды.

Тәрбие жұмысы Тұжырымдамада көрсетілген төмендегідей бағыттар бойынша жоспарланып, жүргізіледі:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие ;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта жүзеге асады.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады:

- ✓ «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Музей сабақтары»;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

«Алғашқы қоңырау», «Соңғы қоңырау», «Бітірушілер кеші», «Жаңа жыл», «Наурыз», «Тұңғыш Президент күні» сияқты мектептік бұқаралық мәдени іс-шараларды білім алушылар мен педагогтердің белсенді (қаржылық емес) қатысуымен қарапайым, бірақ салтанатты түрде ұйымдастыру ұсынылады.

Мектептің тәрбие бағыты бойынша әдістемелік тақырыбы: (әр мектеп өз проблемалық тақырыбын алады)

Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі ретінде ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрметтейтін, жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты: (Әр мектеп өз мақсатын жазуға болады)

Тәрбие жұмысында жаңа әдістер арқылы сыныптағы әрбір жеке-тұлғаны белсенді және саналы азамат етіп тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерін дамыту, еңбекке деген сүйіспеншілігін қамтамасыз ету, жан-жақты дамуына жағдай туғызу. рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

2021-2022 оқу жылының басында бекітілген мектептің тәрбие жоспарындағы барлық шаралар мектеп мүмкіндігіне қарай өткізілді деп есептеп, жаңа оқу жылында мектептің тәрбие жұмысын іске асыруда алға мына **МІНДЕТТЕРДІ** қоямыз:

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани- адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізіледі.

- ҚР-ның Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жоспарлы түрде жүргізу;
- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;
- Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;
- еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптасыту;
- отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылу; қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу; мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білу;
- психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;
- әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық жағдайды; экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстану;
- бала тәрбиесінде жалпы және қосымша білім беружүйесінің рөлін арттыру;
- дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- бала тәрбиесі саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;
- балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

1	Балалар мен оқушы жастардың жоғары адамгершілік руханилығы, мәдениеттілігі, өзін-өзі танушылығын, салауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетінің іске асырушылығын қалыптастыру үшін тиімді тәрбие жүйесін жасау
2	Балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушыларды болдырмау
3	Балалар мен оқушы жастар арасында есірткі және басқа да зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу.
4	Білім беру мен тәрбие процестерін жүзеге асыруда ата-аналарды бірлескен жұмыстарға тартуға қарастырылған тәрбие жүйесін дамыту.
5	Балаларға әлеуметтік психологиялық және құқықтық қызметтердің тиімді жолын құру

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
<p>1. Бағыты: Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты: білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастыру</p> <p style="text-align: center;">Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие</p>				
1	Білім күніне байланысты 1 сыныптарға салтанатты жиын. «Әліппе» табыстау	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі	Анықтама
2	1 қыркүйек - Білім күніне арналған білім сабақтары.	Қыркүйек	ТІЖО	Анықтама
3	Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында тәрбиелік шара /бөлек жоспар/. «Туған елге тағзым» туристік экспедициялық жорық ұйымдастыру. «Тарих тағылымы» мен «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобаларын, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» («Қазақстанның киелі географиясы») жобасын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын іске асыру.	Күзгі,көктемгі каникул кезінде	Тарих,география пәні мұғалімдері, Сынып жетекшілер	Анықтама
4	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған тәрбие сағаттары. 1-11 сыныптар	Желтоқсан	Сынып жетекшілері	Сценарий, анықтама
5	Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты іс – шаралар жоспары (бөлек жоспар)	Жоспарға сәйкес	ДТІЖО, сынып жетекшілері, тарих пәні мұғалімдері, кітапханашылар	Жоспар, сценарий, анықтама
6	Тәуелсіздік күніне арналған тәрбие сағаттары.	Желтоқсан	Сынып жетекшілері	Жоспар, анықтама
7	«Жас қыран» (1-4-сыныптар),	Жыл бойы	ТІЖО, Тәлімгер,	Жоспар

	«Жасұлан» (5-10-сыныптар), «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары, балалар мен жасөспірімдер қозғалысының қызметін ұйымдастыру		АӘД мұғалімі	
8	«Тарих – куәгер көзімен» Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу 9-11 сыныптар	Ақпан	АӘД мұғалімі	Анықтама, фото
9	«Патриот» айлығы /бөлек жоспар/	Сәуір-мамыр	ДТІЖО, АӘД пәні мұғалімі, сынып жетекшілері	Анықтама, фото
10	7 мамыр – Отан қорғаушылар және жеңіс күніне арналған іс – шаралар	Мамыр	Сынып жетекшілер	Жоспар, сценарий, анықтама
11	Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күніне арналған іс – шаралар	Маусым	Сынып жетекшілер	Анықтама
Құқықтық тәрбие				
1	«Абайлаңыз, балалар!» акциясы (жол-көлік оқиғаларының алдын алу) 1-11сыныптар	Қыркүйек	ТІЖО	Жоспар Анықтама
2	«Қауіпсіз мектеп автобусы» Республикалық акциясы аясында іс – шаралар	Қыркүйек	ТІЖО, сынып жетекшілер	Анықтама
3	«Қауіпсіз мектеп» іс – шаралар жоспары	Жыл бойы	ТІЖО, сынып жетекшілер	Жоспар, Анықтама
4	Адам өмірінің қауіпсіздігі: қауіпсіздік шараларымен таныстыру ,мектеп ережелері-мектеп жарғысымен таныстыру	Қыркүйек	ТІЖО Сынып жетекшілер	Хаттама
5	«Құқықбұзушылық пен заңды жауапкершілік» /ІБ біріккен жоспар/	Тоқсан сайын	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Жоспар, сценарий, анықтама
6	Бала құқығының 10 күндігіне байланысты іс – шаралар жоспарлау (бөлек жоспар)	Қараша	ТІЖО, Сынып жетекшілер	Жоспар
7	«Жас полиция» тобының жұмысы (бөлек жоспар)	Жыл бойы	ТІЖО, Топ жетекшісі	Жоспар, сценарий, анықтама
8	«Жол сақшысы» ЖҚИ тобының жұмысы (бөлек жоспар)	Жыл бойы	ТІЖО,Топ жетекшісі	Жоспар, сценарий, анықтама
9	«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында тәрбиелік шаралар ұйымдастыру	Жыл бойы	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Анықтама
10	Мектеп пен ата-аналар балаларды қоғамға жат мінез-құлықтан бас тарту мәдениетіне тәрбиелеуге қатысты шаралар ұйымдастыру	Жыл бойы	ДТІЖО, мектеп психологы, Сынып жетекшілер	Анықтама
11	«Психологиялық қызметті және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» жобасын іске асыру шаралары «Тәуекел топ» балаларына	Жыл бойы	ДТІЖО, мектеп психологы, медиатор, Сынып жетекшілер	Анықтама

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті				
1	«Парасатты азамат» бұрышын жасау («Адал ұрпақ» тобының жұмысы)	Қыркүйек	ДТІЖО, сынып жетекшілер, тәлімгер, «Адал ұрпақ» тобының жетекшісі	Фотоесеп
2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары (бөлек жоспар)	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі	Жоспар
3	«Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспары (бөлек жоспар)	қыркүйек	Адал ұрпақ жетекшісі	Жоспар
4	Адалдық сағатын өткізу	Әр тоқсанның бірінші күні	Адал ұрпақ тобы, сынып жетекшілер	Анықтама
5	Адалдық, сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәрбие сағаты. 1-11 сыныптар	Жыл бойы	Сынып жетекшілер	Анықтама
6	«Адалдық – адамшылық бастауы» (9 желтоқсан-Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күні) шаралар ұйымдастыру	Желтоқсан	ДТІЖО, сынып жетекшілер, тарих пәнінің мұғалімдері	Анықтама
7	Құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру іс – шаралары	Жыл бойы	ДТІЖО,	Анықтама
Балалар мен жастарға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы түру				
1	«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» /бөлек жоспар/. 1-11 сыныптар	Қараша	ДТІЖО, психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы	Жоспар, сценарий, анықтама
2	Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық – зомбылыққа қарсы іс – қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған іс – шаралар жоспары (бөлек жоспар)	Жыл бойы	ДТІЖО, сынып жетекшілер.	Жоспар
3	2021 жылға арналған мүдделі органдар мен үкіметтік емес органдардың Орал қ. ІІБ жергілікті полиция қызметі бөлімі арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында бірлескен жоспар бойынша іс – шаралар (бөлек жоспар)	2021ж	ДТІЖО	Жоспар
4	Зорлық-зомбылық пен қатыгез қараудың қатері бар жайсыз, қиын жағдайда өмір сүретін отбасыларды профилактикалық бақылауға алу. 1-11 сыныптар	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог	Акт
5	Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыбына мектеп инспекторы, мектеп медбикесі, емхана психологімен мемлекеттік емес ұйымдармен іс – шара ұйымдастыру.	Жыл бойы	ТІЖО, Мектеп психологтары, мектеп медбикесі	Жоспар, анықтама

6	«Өзіңнен баста!» құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты шаралар ұйымдастыру	Жыл бойы	ТІЖО, мектеп психологы, Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Жоспар Анықтама
Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың және қанғыбастықтың алдын-алу				
1	«Тәртіпсіздік және құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік» қағидасын жүзеге асыру шараларын өткізу.	Үнемі	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, сынып жетекшілер	Анықтама
2	Мектеп оқушыларын және әртүрлі санаттағы оқушыларды үйірмеге, секцияларға тарту.	Қыркүйек, қаңтар	ДТІЖО, сынып жетекшілер	Тізім
3	«Біз құқықбұзушылыққа қарсымыз!» суреттер байқауы 5-6 сыныптар	Ақпан	Көркем еңбек пән мұғалімдері	Анықтама
4	Әлеуметтік санаттағы отбасы балаларымен жұмыстану шаралары	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер,	Жоспар
5	«Тәуекел тобындағы» балалармен жұмыс ұйымдастыру, МІБ, ІІБ тұрған оқушылар және отбасыларымен жекелеген жұмыс жүргізу.	Жыл бойы	Мектеп психологы	Жоспар
6	«Сабақ», «Жасөспірім», «Қадағалау» жедел алдын-алу іс-шаралары. 1-11 сыныптар	Жоспарға сай	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп инспекторы	Анықтама
7	«Түнгі қаладағы балалар» профилактикалық шараларын ұйымдастыру	Жыл бойы	ДТІЖО, сынып жетекшілер	Анықтама
8	Қалалық наркологиялық орталығы және ҮЕҰ – мен, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі құқық қорғау мамандарымен байланыс жұмыстарын ұйымдастыру.	Келісім бойынша	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	Анықтама

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
2.Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие				
Мақсаты: адамгершілік келбеті, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастыру				
Рухани – адамгершілік тәрбие				
1	«Мектепке жол» республикалық акциясы, «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акциялар жүргізу 1-11 сыныптар	Жыл бойы	ДТІЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	анықтама
2	«Ақылды волонтерлік» (Service-learning) немес «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер тобының жұмысын жүргізу	Жыл бойы	Тәлімгер	Жоспар
3	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру	Жыл бойы	Кітапханашылар	Жоспар, анықтама

4	Мектепте және отбасында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастыру	Жыл бойы	Қызық тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері	Анықтама
5	Бұқаралық іс-шаралар өткізу <ul style="list-style-type: none"> - қазақтың педагогағартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына; - қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына; - көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына; - қазақ әдебиеттануы мен тіл білімінің негізін салушы, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына; - Қазақ КСР Халық әртісі, қазақтың белгілі музыкатанушысы, композитор, дирижёр, ақын Ахмет Жұбановтың 115 жылдығына; - қазақтың белгілі лирик ақыны, аудармашы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығы 	Жыл бойына	ДТІЖО, сынып жетекшілері, қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәні бірлестік мұғалімдері	Сценарий, анықтама
6	Тәрбие сағаттары. 1-11 сыныптар «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары», «Адамзаттың ұлы ұстаздары», «Қазақстанның ұлы ойшылдары мен 29 философтары», «Сұлулық әлемді құтқарады», «Жақыныңа жанашыр бол», «Махаббат – адам өмірінің негізі», «Мейірімділік – адамның асыл қасиеті»	Қаңтар-ақпан	Сынып жетекшілері	Сценарий анықтама
7	«Отан оттан да ыстық», «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», «Білім – теңіз, мектеп – кеме», «Татулық – табылмас бақыт», «Еңбек – ердің көркі» және т.б. назар аударғатын қазақ мақал-мәтелдері жазылған баннерлерді мектеп ғимаратына орналастыру	Қыркүйек	МДТІЖО	Ілу
8	«Ұстаз – ұлағатты тұлға». Ұстаздар мерекесін атап өту	Қазан	10,11 сыныптар	Жоспар, анықтама
9	Алғыс айту күніне орай еріктілер тобы, ЖасҰлан мен ЖасҚыран мүшелерінің ықпалдасуымен іс-шаралар ұйымдастыру	Наурыз	ДТІЖО, тәлімгер	Жоспар
Адамгершілік-жыныстық тәрбиесі				
1	Мектептің әлеуметтік паспортын жасақтау (өгей әкемен немесе өгей анемен бір отбасында тұратын балаларды анықтау)	Қыркүйек	МДТІЖО, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог	Паспорт жасақтау
2	«Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы, жыныстық қолсұғушылықтың, зорлық-зомбылықтың	Қазан	МДТІЖО, Мектеп психологтары	хаттама

	алдын алу» тақырыбында құқық қорғау орган мамандары және шинеколог мамандармен жоғары сынып оқушыларына түсінік жұмыстарын жүргізу			
3	Қыздар және ұлдар клубтарын жасақтау және жұмысын жүргізу	Қыркүйек	Клуб жетекшілер	Жоспар
4	«Инабатты ұл, ибалы қыз – өмір көркі». Сыныптағы ұлдар мен қыздар жиналыстары. 5-11 сыныптар	Жыл бойына	Сынып жетекшілері	хаттама
5	«Денсаулық және салауатты өмір салтын қалыптастырудың гигиеналық негіздері» қалалық емхананың, СӨС орталығының мамандарымен, ЖИТС ОО-ның қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру	Желтоқсан, сәуір	ДТІЖО, мектеп медбикесі, Әлеуметтік педагог	хаттама
6	«Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының асыл мұраты» жалпы ата-аналар жиналыстарына арнайы мамандарды қатыстыру	Жалпы ата-аналар жиналыстары кезінде	ДТІЖО, Сынып жетекшілері	хаттама
7	«Анға қырып қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер» үлгілі аналар мен әкелерді қатыстыра отырып қыздар, ұлдар конференциясын ұйымдастыру	Ақпан	ДТІЖО, Сынып жетекшілер	хаттама
8	«Жас ерекшелігі гигиенасы» «Жыныстық жетілуі, жыныстық тәрбие». Мектеп медбикесімен кездесу (ұлдар мен қыздарға арналған жалпы жиналыс). 5-8, 9-11 сыныптар	Мамыр	ДТІЖО, мектеп медбикесі	хаттама
9	Адамгершілік-жыныстық тәрбиесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға кеңес, жаднамалар тарату	Жоспарға сай	Мектеп психологтары Сынып жетекшілері	жаднама

Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шаралары

1	Дін жолындағы отбасылар туралы мәлімет жинау. 1-11 сыныптар	қыркүйек	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Мәлімет
2	«Мен және менің дінге деген көзқарасым». Сауалнама. 8-11 сыныптар	Қараша-желтоқсан	Мектеп психологі, сынып жетекшілері,	хаттама
3	Дін-тәрбиенің рухани дінгегі» теолог мамандармен кездесу. 9-11 сыныптар	Келісім бойынша	ДТІЖО, мектеп инспекторы, Сынып жетекшілер	хаттама
4	Дін мен дәстүр сабақтас ұғым. Тәрбие сағаты 1-11 сыныптар	желтоқсан	Сынып жетекшілері	хаттама
5	«Дін – рухтық тәрбие» тақырыптық бейнероликтер көрсету. 8-11 сыныптар	сәуір	ДТІЖО, Сынып жетекшілері	хаттама
6	«Діни сауаттылық – қоғам қауіпсіздігі». Мектеп инспекторымен кездесу. 6-8 сыныптар	Келісім бойынша	ДТІЖО, мектеп инспекторы, сынып жетекшілері	хаттама
7	Ата-аналармен діни сауаттылығы туралы түсінік жұмысын жүргізу.	Жыл ағымында	ДТІЖО, Мектеп психологі, сынып жетекшілері,	Жаднама

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
Мақсаты: Жаңа оқу жылында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.				
3. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ				
1	«Мемлекеттік тіл –Қазақстан халықтарын	Қыркүйек	ДТІЖО, ә/б қазақ	Жоспар,

	біріктіретін тіл»	үшінші апта	тілі, орыс тілі, ағылшын тілі	сценарий, анықтама
2	«Мәңгілік ел- Мәңгілік тіл» тақырыбында Тіл мерекесіне арналған тәрбие сағаттарын өткізу. 1-11 сыныптар	21-25.09.2021	Сынып жетекшілер	хаттама
3	«Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	Жоспарға сай Әлеуметтік желіде пост жазу	Пән мұғалімдері, үйірме жетекшілері	Анықтама, фото әңгіме
4	«Ұлттық ойындар халық қазынасы» (Ұлттық ойындар сайысы, 1-11 сыныптар)	Жоспарға сай	Үйірме жетекшілер	Анықтама, хаттама
5	«Ұлттық қол өнер-ұрпаққа ұлағат» ұлттық өнерді насихаттау туралы сыныптан тыс іс -шара	Желтоқсан-қаңтар	ДТЖО, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері	Анықтама, фото
6	1.«Ұлттық тәрбиеден нәр алу қыздарымыздың басты қағидалары» ақпараттық сабақ 10-11 сыныптар 2.«Имандылық ұл-қызға жарасады» 8-9 сыныптар (Қыздар жиналысы)	01-05.03.2021	ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер	Сценарий, анықтама
7	«Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» наурыз мейрамына арналған тәрбие сағаттары	15-19.03.2021	Сынып жетекшілер	хаттама
8	1.«Ұлы даланың ұлы өркениеттері» 2. «Туған жеріңді таны» (туған өлкенің тарихын, мәдениетін және дәстүрлерін терең зерттеу) Кездесу	Сәуір-мамыр	Пән мұғалімдері Сынып жетекшілері	Анықтама, фото
9	«Ұлттық құндылықтар –тәрбиенің түп қазығы» (Ұлттық құндылықтар марафоны) 6-7 сыныптар; 8-9 сыныптар.	03-07.05.2021	ДТЖО, Тәлімгер, сынып жетекшілері	Сценарий, анықтама
10	1.«Ұлттық тәрбие –ұлт болашағы» 2. Ұлттық салт-дәстүрімізді білеміз бе?» сынып жиналыстарында пікірталас 9-10 сыныптар	Жоспарға сай	Сынып жетекшілері	Хаттама Фото анықтама

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.				
4. ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ				
1	Сыныптың әлеуметтік портреті. 1-11 сыныптар	қыркүйек	Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог	төлқұжат
2	«Отбасы-бақыт мекені» атты республикалық отбасы апталығының іс-шаралар жоспары \бөлек жоспар\	қыркүйек	ДТЖО, сынып жетекшілері	анықтама
3	Отбасы күніне арналған тәрбие сағаты: 1.«Отбасы – өмірдің мәні», 1-4 сыныптар 2.«Отбасы – аялы алақан мекені», 5-8 сыныптар 3.«Отбасы – өмір айнасы», 9-11 сыныптар	қыркүйек	Сынып жетекшілері	хаттама
4	«Қауіпсіз балалық шақ» жалпы ата-аналар жиналысы. 1-11 сыныптар	қазан	ДТЖО, сынып жетекшілері	хаттама
5	«Бақытты отбасы» суреттер байқауы. 1-6 сыныптар	қараша	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері	хаттама
6	«Ата-ананы қадірлеу – парызымыз» ата-аналар мен балалары арналған шара	Ақпан-наурыз	ДТЖО, Тәлімгер,	Анықтама, фото

	1-11 сыныптар			
7	«Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебін» (бөлек жоспарлар).	Жоспарға сәйкес	ДТЖО, Тәлімгер, жетекшілер	анықтама
8	«Бала тәрбиесі – жауапты іс» тақырыбында жас отбасыларға арналған шара	Қаңтар-ақпан	«Ата мектебі» мен «Әже мектебі» өкілдері	анықтама
9	«Біз баламызды білеміз бе?» (сауалнама)	Сәуір	Мектеп психологтары	Сауалнама қорытындысы
10	Отбасылық спорттық шара	Жоспарға сәйкес	Дене шынықтыру пәні ӘБ	анықтама
11	8 Наурыз-халықаралық аналар күніне арналған сынып сағаттары. 1-11 сыныптар	09-12.03.2021	Сынып жетекшілері	Сынып жетекшілері
12	«Мамандық таңдауда балаларға бағыт-бағдар беру» тақырыбында ата-аналарға кеңес	Жыл ағымында	ДТЖО, педагог-психолог	Журнал
13	Ата-аналар жиналыстары /бөлек жоспар/. 1-11 сыныптар	Тоқсанына 1 рет	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер	Жоспар, хаттама
14	«Қамқоршылық кеңес» жұмысы /бөлек жоспар/	Жыл ағымында	ДТЖО	Жоспар, хаттама
15	Ата-аналар комитетінің жұмысы /бөлек жоспар/	Жыл ағымында	ДТЖО	Жоспар, хаттама
16	Ата-аналар жиналыстарының жұмысы /бөлек жоспар/ Ата-аналар жиналыстарын дәстүрлі емес форматта өткізу: «Кәсіби мамандарды шақыра отырып баспасөз конференциялары», «Ата-аналар сенбіліктері», «Психологиялық тренинг», «Отбасын таныстыру», «Тәжірибе алмасу»	Жыл ағымында	ДТЖО	Жоспар, хаттама
17	«Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық жауапкершілігі» әртүрлі санаттағы ата-аналарға арналған кеңестер	үнемі	ДТЖО Мектеп психологтары Әлеуметтік педагог Мектеп инспекторы Сынып жетекшілер	Хаттама журнал
18	«Мектептегі бір күн» жобасын іске асыру ата-аналардың қажеттіліктерін, сұраныстарын, отбасылық ерекшеліктері мен отбасылық тәрбиесі ескеріледі, ата-аналарды мектептің, сыныптың, өз баласының істеріне жұмылдыруға, білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдеседі	ақпан	ДТЖО Сынып жетекшілері	анықтама

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
Мақсаты: Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді.				
5. ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ				
1	«Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде өзінің кәсіби саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген табысты адамдардың өмірі мен қызметі	үнемі	ДТЖО, Жаратылыстану пәндері ӘБЖ сынып жетекшілер	Хаттама Фотоесеп

	жайында таныстырылады, білім алушылар арасында кәсіптік бағдарлау жұмысы жүргізіледі, еңбектің құндылығы жана деңгейге көтеріледі.			
2	«Армысың, Алтын күз» тақырыбында: 1. «Күз бояуы» тақырыбында суреттер байқауы, 1-2 сыныптар 2. «Күз сыйы» тақырыбында қолөнер байқауы, 3-4 сыныптар; 3. «Ырысы мол, Алтын күз!» тақырыбында отбасылық фотосуреттер байқауы, 5-8 сыныптар; 4. «Алтын күз, әсем айналам» бейнероликтер байқауы, 9-11 сыныптар.	Қазан-қараша	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер Ата-аналар	анықтама
3	15 қараша – Ұлттық валюта күніне арналған тәрбие сағаттары	Қараша	Сынып жетекшілері	хаттама
Экологиялық тәрбие				
1	«Туған жер» бағдарламасы шеңберінде тарихи орындарға экскурсия жасау	Жоспарға сай	Мектеп әкімшілігі Үйірме жетекшілері	анықтама
2	«Қоқыссыз әлем», «Біз табиғатты қорғаймыз» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізу 1-11 сыныптар	Жыл бойы	Сынып жетекшілер, жаратылыстану бірлестігі	Марапаттау
3	«Батыс Қазақстан – туған өлкемнің табиғаты!» атты қалалық балаларға арналған кітапханалармен бірлескен шара	Келісім бойынша	Кітапханашылар Сынып жетекшілері	Анықтама
4	«Іскерлік қарым-қатынас этикасы» сынып сағаттары, «Жарнама жасау өнері», «XXI ғасыр менеджері», «Көшбасшы нені білуі керек?», «Кәсіпорындардағы қақтығыс жағдайларын шешу» рөлдік ойындары	Тәрбие сағаттарының кестесіне сәйкес	Сынып жетекшілері	Жоспар анықтама
Кәсіби-шығармашылық тәрбиесі				
1	«Мамандық таңдау уақыты» бейне блогерлер байқауы, «Мен кәсіптер әлемінде» әдеби байқауы (эссе), «Мамандық: кеше, бүгін, ертең» байқауы, «Мұндай мамандық бар» презентациялар конкурсы сияқты іс-шаралар жүйесін өткізу ұсынылады.	Үнемі	Сынып жетекшілер	Анықтама
2	«Мамандықтың бәрі жақсы» мамандық туралы, мамандық таңдау бағытындағы тәрбие сағаттары	Қаңтар	Сынып жетекшілер	Анықтама
3	«Мамандық таңдау – өміріміздің бір кірпішін дұрыс қалау» әр түрлі маман иелерімен кездесу 9,11 сыныптар	Келісім бойынша	ДТІЖО, сынып жетекшілер	Анықтама
4	«Бетпе-бет» ЖОО және АОО мамандарымен ата-ана, оқушыларға кездесу ұйымдастыру. 9,11 сыныптар	Ақпан	ДТІЖО, сынып жетекшілер	Анықтама
5	«Кәсіби таңдауым – өмірлік қалауым» Кәсіби бағыттылығын зерттеу диагностика, сауалнама 8-11 сынып	Жыл ағымында	Педагог-психолог	Анықтама
6	Колледждердің, жоғары оқу орындарының базасымен танысу «Ашық есік» күніне экскурсияға бару 9,11 сыныптар	Келісім бойынша	ДТІЖО, сынып жетекшілер	Анықтама

7	«Ата-ана кәсіпорынындағы 1 күн» әлеуметтік жоба. 7-10 сыныптар	Жыл ағымында	ДТЖО, сынып жетекшілер	Фотосуреттер
---	--	--------------	------------------------	--------------

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
Мақсаты: білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғамды қалыптастыруға көмектесу; басқа мәдениеттердің, ұлттардың, діни сенім және т. б. өкілдеріне толерантты көзқарасты қалыптастыруға бағыттау.				
6. КӨПМӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ				
1	Мектепте оқитын оқушылардың ұлттық құрамын анықтау	Қыркүйек	Тәлімгер	Анықтау
2	«Достық» клубының жұмысы /бөлек жоспар/	Қыркүйек	Клуб жетекшісі	Жоспар, сценарий, анықтама
3	Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастықта іс-шаралар ұйымдастыру	Жыл бойына	МДТЖО, Клуб жетекшісі	Сценарий, анықтама
4	Шығармашыл, өнерлі оқушылардың қолөнер көрмесін ұйымдастыру	Қараша	Технология пән мұғалімдері	Анықтама көрме
5	Танымал адамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру	Жыл бойы	МДТЖО	Сценарий анықтама
6	Облыстық және қалалық кітапханалармен бірлескен шаралар ұйымдастыру 1-11 сыныптар	Жыл бойы	Кітапханашылар	Қорытынды парак
7	Театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға экскурсия 1-11 сыныптар	Жыл бойы	ДТЖО, Сынып жетекшілері	Анықтама, фотосурет
8	Өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында әр мектепте «Балалар және театр» ағартушылық жобасын жүзеге асыру	Жыл бойы	Сынып жетекшілер	Анықтама
9	«Мәңгілік ел болашағы – Біртұтас ұлт» 1 мамыр-бірлік күніне арналған тәрбие сағаттары. 1-11 сыныптар	Сәуір	Сынып жетекшілері	Анықтама
10	«Толеранттылық – төзімділік әлемі» тәрбие сағаттары. 1-11 сыныптар	Ақпан	Сынып жетекшілері	Анықтама
11	Күзгі, қысқы, көктемгі каникул кезеңдерінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру	Келісілген уақытта	Үйірме, клуб жетекшілері	Жоспар, анықтама

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
Мақсаты: білім құндылығын; зияткерлік ұстанымды; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады.				
7. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ				
1	- Әлеуметтік желідегі сөйлесу мәдениеті; - Баланың компьютермен жұмысы барысында шаршағанды басатын ұсыныстар (бейнеролик); - Баланы қашықтықтан оқыту бойынша мектеп психологінің кеңестері (күн тәртібі, оқитын орынын белгілеуі)	Қыркүйек	Мектеп психологтері	Хаттама

	(бейнеролик). 1-11 сыныптар			
2	Ақпараттық және киберқауіпсіздік /ұлдар және қыздар жиналысы/ 5-11 сыныптар	Қазан	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Хаттама
3	«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру	Жыл бойы	Дебат клубының жетекшісі	Анықтама
4	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау» 1-11 сынып ата-аналарының жиналысы (02.07.2018 жылғы №169-VI Заңы)	Қаңтар	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілері	Хаттама
5	«Қауіпсіз ғаламтор» 1-11 сыныптарға арналған тәрбие сағаттары. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» (02.07.2018 жылғы №169-VI Заңы).	Қаңтар	Сынып жетекшілері	Анықтама
6	Интернетпен жұмыс жасау барысында қандай қауіп бар? (дөңгелек үстел) 9 сыныптар	Ақпан	ДТІЖО Пән мұғалімдері Сынып жетекшілері	Анықтама
7	«Ұшқыр ой мен шешен тіл» интеллектуалды ойын. 8 сыныптар	Наурыз	Тәлімгер Пән мұғалімдері Сынып жетекшілер	Анықтама
8	«Жасөспірімдердің денсаулығы және өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу бағдарламасы» аясында шара.	Жоспарға сай	Мектеп психологтары	Хаттама
9	Жұлдыздар шеруі, озаттар шеруі. 1-11 сыныптар	Мамыр	Тәлімгер	Сценарий, анықтама

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру				
8. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ				
1	«Денсаулық» күні жалпы мектепшілік шара 1-11 сыныптар	Жоспарға сәйкес	ДТІЖО, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	Анықтама
2	1.Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл» Тәрбие сағаты 1-4 сыныптар 2.«Сақтан ұрпақ қатерден!» Тәрбие сағаты 5-11 сыныптар	желтоқсан	Сынып жетекшілер	Анықтама
3	«Дұрыс тамақтану – болашақ ұлт денсаулығын сақтау!» онкүндік /бөлек жоспар/	Жоспарға сай	ДТІЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, медбике, сынып жетекшілер	Жоспар, сценарий, анықтама
4	Дұрыс тамақтану бойынша тәрбие сағаттары	Сәуір	Сынып жетекшілер	Анықтама
Балалар мен жасөспірімдердің бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру бойынша шаралар				
1	«Қатерлі топ», «R» тобының балаларын анықтау диагностика, әңгімелесу 1-11 сыныптар	Қыркүйек	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Тізім
2	«Сенім поштасының» жұмысы	Жыл ағымында	ДТІЖО, педагог-психолог,	Хаттама

			әлеуметтік педагог	
3	Өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушыларға кеңес беру	Қажет жағдайда	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Кеңес беру журналы
4	«Жарасымды қарым-қатынас» танымдық сабақ	Жыл ағымында	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Анықтама
5	Мектеп оқушыларының психологиялық ерекшелігі (ата-аналар, оқушылар) кеңес беру 1-11 сыныптар	Жыл ағымында	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Анықтама
6	Мектепте ұл және қыз балалар арасындағы әңгіме, пікірталас, жиындар өткізу, кеңес беру 1-11 сыныптар	үнемі	ДТІЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, Мектеп инспекторы	Анықтама
Оқушылар өмірінің қауіпсіздігі				
1	Жол қауіпсіздігі туралы тәрбие сағаты 1-11 сыныптар	Қазан	Сынып жетекшілері	Анықтама
2	Күз мезгіліндегі қауіпсіздік (өрт, су, тұрмыстық т.б.) тәрбие сағаты 1-11 сыныптар	Қараша	Сынып жетекшілері	Анықтама
3	Судағы қауіпсіздік, мұздың қатуы кезіндегі қауіпсіздік шаралары түсінік жұмыстары 1-11 сынып	Қараша	Сынып жетекшілері	Нұсқаулық пен онлайн таныстыру
4	1.Қош келдің, Жаңа жыл» тәрбие сағаты (Қыс мезгіліндегі және жаңа жыл мерекесіндегі қауіпсіздік); 2.Экологиялық сабақтар (бағдарламаға сәйкес) тәрбие сағаты 1-11 сыныптар	Желтоқсан	Сынып жетекшілері	Анықтама
5	Қыс мезгіліндегі жолда жүру тәртібі туралы тәрбие сағаттары	Қаңтар	Сынып жетекшілері	Анықтама
6	Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік (жол, су, өрт, тұрмыстық, қоғамдық тамақтану т.б.) тәрбие сағаты 1-11 сыныптар	Мамыр	Сынып жетекшілері	Анықтама
7	«Жас өрт сөндіруші» байқауына қатысу	Сәуір	Ишанов А.М.	Фотосурет